



Автор: Дабылбаева Акбота Галымжановна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Тақырып: Э дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу 1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау 1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою 1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ээ дыбысының дауысты дыбыстар қатарына жататынын біледі. Көптеген оқушылар: Мәтінді мәнерлеп оқи отырып, сұраққа жауап береді.. Кейбір оқушылар: Оқулықтағы тапсырма бойынша ұлттық ойынның атын анықтай алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік терминология мен тірек сөздер Дыбыс, буын, сөз, сөйлем, дыбыстық талдау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу Диалог пен жазу үшін пайдаланылатын сұрақтар: Талқылау үшін сұрақтар: - Ұлттық ойындар саған несімен ұнайды? - Э дыбысы қандай дыбыс? Э дыбысы сөздің қай буындарында кездеседі?
Бағалау критерийлері:	- әріпті танып, ажырату арқылы оны дыбыспен сәйкестендіріп, дұрыс оқиды; - сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату арқылы дұрыс дыбыстайды; - оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданады; - мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжайды; - жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады.
Құндылықтарды дарыту:	Ата-баба салт-дәстүрін дәріптеу. Ұрпаққа насихаттау.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. -Бүгін нешесі? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Бүгін аптаның қай күні? - Ал кеше біз қай дыбысты өттік? - Дұрыс Вв дыбысы. - Вв дыбысы бар қандай сөздерді үйрендік? - Велосипед, трамвай, автобус. - Осы сөздерді буынға бөлейік. (Ережені күнделікті талдау жұмысына сүйене отырып еске түсіру. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Дыбыс дегеніміз не? (Дыбысты естиміз,айтамыз.) Әріп дегеніміз не? (Әріпті көреміз,оқимыз,жазамыз.) - Жақсы. Бұл сөздер қай ұлттың тілінен алынған? - Орыс тілі. - Керемет, балалар. 1. Жұмбақ шешу. Жіппен келеді, Үзсең сөнеді.(Электр шамы) Диқаншының еңбегін. Қысы - жазы ақтайды, Астықты тазалап, Қай жерде сақтайды?(Элеватор) Жылжымалы баспалдақ, Сатыларын бассаң нақ. Не жоғары, не төмен Сырғимын да жетем мен Көзді жұмып, ашқанша - ақ.(Эскалатор) - Олай болса, айтылған жаңа сөздер қандай дыбыстан басталып тұр? - Э - Бүгінгі өтетін тақырыбымыз Э э дыбысы мен әрпі. - Мақсатымыз Ээ дыбысын тану, ажырату. • «Э»дыбысын хормен қайталату; • «Э»дыбысы бар сөздерді хормен қайталату; • «Э»дыбысы жіңішке, дауысты дыбыс екенін аңғарту; • «Э»дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келетінін байқату; экипаж, таэквандо, каратэ • «Э»дыбысын айтқанда ауа еш кедергіге ұшырамай, ұзақ айтылып тұратынына назар аударту; Топқа бөлу. Ұлттық ойын атаулары арқылы топтастыру.</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ұ,Ж)Оқулықпен жұмыс. Оқушылар суретке мұқият қарайды. Текшедегі жасырылған сөзді табады. Экскаватор - кен өндірісінде, құрылыста, тас, топырақ, кен қазатын, тиейтін машина. Экскаватор сөзіне дыбыстық-буындық талдау жасау. Мысалы: Экскаватор сөзінде - 10 әріп, 10 дыбыс бар үнді, дауыссыз дыбыс р- үнді, дауыссыз дыбыс Берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау. • Бағандағы сөздерді оқы. • Мағынасын аш. • Мәтінді түсініп оқы. • Мағынасын аш Сөздік жұмыс: Экран - теледидар, телефон, компьютер беті. Электр - қуат күшінен алынатын жарық. Элеватор - астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге, сақтауға арналған астық қоймасы. Эстрада - сахна және сахнаға шығатын әртістер. Экскаватор - кен өндірісінде, құрылыста, тас, топырақ, кен қазатын, тиейтін машина. Эскалатор - жылжымалы баспалдақ. Оқу түрлері: іштей оқу; тізбектей оқу; мәнерлеп оқу; жаңа сөздерді оқып, буындық талдау жасау. Э - лектр, э - ле - ва - тор, экс - ка - ва - тор, э - ки - паж, э - ко - ло - ги - я, эс - ка - ла - тор</p> <p>Дескриптор: - әріпті танып, ажыратады; - сөздерді буындап оқиды; - суретке бойынша болжайды; Көркем жазу. Э әрпін жазып, үйренейік Мұғалім оқушыларға Э әріпінің бөліктерін бірге жазуды ұсынады. • Э әрпін ауада жазу; • Э әріпінің элементтерін жазып үйрену; • Кең жолды дәптерге жазу үлгісін көрсету; • Дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, жолдың жоғарғы және төменгі сызығына қарап үзбей және біркелкі жазу; Дескриптор: - әріп бөліктерін дұрыс салады; - әріпті танып, ажыратады; - әріптерді бір-бірімен байланыстырып жазады; - жазу жолының жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазады; ТЖ: «Суреттер сөйлейді» әдісі 1-топ: элеватор 2-топ: экскаватор Дескриптор; - Суреттің атауын тауып, жазады. - Сөздерге дыбыстық буындық талдау жасайды. ТЖ: "Э немесе Е" ойыны. ...м...н көб...л...к дәпт...р ...р...ж... к...м... к...р...г... көм...к ...л...ктр ...кипаж ...л...ватор ...кран ...фир ...скалатор ...кскаватор (Ұ, Ж) Кел, ойнайық! «Ұшты-ұшты» ойыны Мәтінмен жұмыс: • Тізбектей оқыту; • Буындап немесе тұтас оқыту; • Жеке оқыту; • Сұрақтарға жауап беру; - Ойын қалай аталады? - Бастаушы ұшатын нәрсе айтса не істеу керек? Ұшпайтын нәрсе айтса ше? • Ойынды әрі қарай жалғастырып көр. Оқушылар сынып бөлмесінде дөңгеленіп тұрады. Әр топтан бір оқушыдан кезектесе шығып ойынды бастайды. Мысалы: - Ұшты ұшты, қарлығаш ұшты! (қол көтеріледі) - Ұшты ұшты, экран ұшты! (қол көтерілмейді) - Ұшты ұшты, эстафета ұшты! (қол көтерілмейді) ҚБ тапсырмасы: «Суретті сөйлем» әдісі Менің ағам мен жерді қазды. ға машиналар астық тасыды. Элеонора ның бетін сұртті. Дескриптор: - әріпті танып, ажыратады; - сөздерді түсініп оқиды; - э дыбысы бар сөздерді қатесіз жазады; - жазу жолының жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазады; - сөздерді каллиграфиялық талапқа сай жазады;</p>	
Сабақтың соңы	<p>Рефлексия (МК;Ұ.Ж) «Менің көңіл-күйім» әдісі. Оқушылар бүгінгі сабақта алған әсерлерін суреттердің тиістісін таңдау арқылы өздері тұжырым жасайды. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім</p>	